

Ақтөбе университеті



1996 жылдың
12 наурызынан
бастап шығып
келеді

№2 (398)
30 қаңтар 2017 ж

"Ақтөбе Университеті" Газеті

АРУ им. К.Жубанова

@ argugazeti@mail.ru

УНИВЕРСИАДА - 2017



ЛАУЛА, ЭСТАФЕТА АЛАУЫ!

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің алаңында тарихи сәт орын алды. Олай дейтіміз, Ақтөбеде жағылған Универсиада алауының бастауы біздің оқу ордамыздан басталды. Алаудың Батыс өңіріндегі ең ірі, жарты ғасырлық тарихы бар қара шаңырақтан басталуы да кездейсоқтық емес. Ақтөбе облысының намысын Универсиада ойындарында университетіміздің студенті, коньки спортының чемпионы Мария Сизова қорғайтын болады.

тарихында алтын өріптермен жазылатыны анық»,- деген салтанатты жиынның жүргізушілері Универсиада алауын жағуға сахна теріне облыс әкімі Бердібек Машбекұлы, ұлттық дәрежедегі тереші Владимир Кореньковты және университетіміздің түлегі, мақтанышымыз, бір кетеру спортынан 12-дүркін өлем чемпионы Евгений Гончаров бастаған эстафетаны жеткізуші спортшылар тобын ерекше құрметпен сахна теріне шақырды.

Облыс әкімі Бердібек Машбекұлы Универсиада алауын тұтатты. «Ақтөбе жерінің тарихында Егемендігіміздің арқасында дүниежүзілік қысқы жастар Универсиадасының алауы жанды. Бұл біз үшін үлкен мәртебе, үлкен абырой. Қазақстанның дүниежүзілік маңызы бар осындай спорт ойындарын өткізуі тағы да Қазақстанның өлемдегі орнын, абыройын, беделін белгілей түсті. Универсиаданың біздің жас спортшыларымыздың таланттарының ашылуына, биік деңгейлерге жетуіне тигізер септігі зор екені анық. Бірінші рет Қазақстанда 60-тан астам мемлекеттің 2000-ға жуық спортшылары додаға түсетін болады. Оның ішінде біздің Қазақстандық спортшылар, олардың қатарында біздің Мария Сизова да бар. Құрметті жерлестер біз барлығымызда Марияға табыс тілейміз! Мария универсиада терінде еліміздің әнұраны мен туын кекте желбіретсе, бұл Ақтөбенің ғана емес, Қазақстанның абыройын асқақтатқаны»,- деген облыс басшысы барша қауымды мерекелік шарамен құттықтады.

Облыс басшысының сезінен кейін Евгений Гончаров факелді тұтатты. Облыс әкімі Бердібек Сапарбаев факелді университетіміздің дене шынықтыру және спорт мамандығының 4 курс студенті, таэквандодан 2016 жылдың Қазан қаласында өткен халықаралық чемпионаттың чемпионы, халықаралық дәрежегі спорт шебері Назгүл Баймухамбетоваға салтанатты түрде табыс етті.

Университетімізден бастау алған эстафета 12 шақырымға созылды. Оған 60-қа жуық адам қатысты. Алаугерлер қатарында университетіміздің студенттері Медет Алғабай, Бағдат Кенжетәев, Нұржан Құрманәлі, Айбар Темірбаев, Еламан Қойшыбаев, Нұрғиса Іздібай, Аликбек Камзенов, Айбек Камзеновтер бар. Алаугерлер эстафета алауын қаланың орталық кешелерімен алып өтіп, Тұңғыш Президент атындағы саябақ мәресіне жеткізді.

Алауды Алматы қаласына жеткізу міндеті университетіміздің 1 курс студенті, жүзден халықаралық дәрежедегі спорт шебері Айбек Камзеновке жүктеліп отыр.

Ақ жол Универсиада алауы! Алға, Қазақстан! Алға, Ақтөбе! Алға, Мария!

Жадыра АРЕН



Универсиада — дүниежүзілік студенттік спорт ойындары. Ол 50 жылдан астам уақыт бойы Олимпиада ойындарынан кейінгі екінші ірі халықаралық дода болып есептеледі. Сайысқа жоғары оқу орындарында оқитын 17 мен 28 жас аралығындағы студенттер, аспиранттар, докторанттар қатыса алады.

Қазақстан Универсиада ойындарына 1993 жылдан бастап қатыса бастаған 2011 жылдың 29-шы қарашасында Халықаралық студенттік спорт федерациясы Алматы қаласын 28-ші Бүкіләлемдік Қысқы Универсиадасының астанасы

ретінде таныған.

Оқу ордамыздың алаңына университет басшылығы, профессор-оқытушылар ұжымы, студенттерден басқа да спорт жанкүйерлері көп жиналды. Сахна терінде шырқалған патриоттық әндер жиналғандарға ерекше асқақ рух сыйлады.

«Бүкіл ел болып Универсиада алауын жағуға атсалысамыз. Бүгін біздің қаламызда эстафета алауы жалындайды. Сондықтан бұл ерекше сәт универсиада



РЕКТОРАТ

КЕЗЕКТІ ЖИЫН ӨТТІ

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университетінде кезекті ректорат отырысы ұйымдастырылды.

Жиын барысында оқу ордамыздың басшысы міндетін атқарушы Бибігүл Абенова құн тәртібін таныстырып өтті. Алғаш болып сөз алған тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректор Мұхтар Миrows университет жатақханаларында ұйымдастырылатын мәдени және тәрбие жұмыстары жайына тоқталып, 2016-2017 оқу жылының бірінші жарты жылдығында өткен түрлі шараларды атап көрсетті. Қазіргі уақытта Алматыда өтетін 28 бүкіләлемдік қысқы универсиадаға орай қызу ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп жатқандығын ерекше айтты.

Институт және факультеттегі академиялық ұтқырлық және профессор – оқытушылар құрамының ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығын жүзеге асырудың жолдары туралы ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Рахым Бекназаров тоқталды. Ол ұлттық академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2013-2016 жылдар аралығында 60-қа жуық студент шетелде білімін толықтырып келгендігін, алда да бұл бағдарламалар бойынша жұмыс жасау жалғаса түсетінін баса айтты.

Білім ордамыздағы студенттердің өндірістік практикасын ұйымдастыру туралы оқу процесін ұйымдастыру басқармасының бастығы Абзал Мұхтаров баяндады. Сонымен қатар кәсіптік практикаларды сапалы жүргізуге кафедра аралық бақылау ұйымдастырылса, студенттеріміздің өндірістік практикаларын өткізуге жергілікті қала, облыс өкімшіліктерінің тарапынан қолдау болса, практика базаларымен келісім-шартқа отыру бір ай бұрын



уақытында орындалуы тиіс екендігін ескертті.

Ғылыми кітапхана директоры Гүлнар Уналбаева университет кітапханасын электрондық ресурстармен қамтамасыз ету жайын айта отырып, ғылыми кітапхана қызметін қолданатындарға тиімді, жаңашыл қызмет түрлерін көрсетуді жандандыру, электрондық кітапхана қызметін кеңінен насихаттау, таныстыру, түсіндіру жұмыстарын өркез жүргізіп отыру – басты міндеттердің бірі екендігін алға тартты.

Құн тәртібінде қаралған мәселелер шешімін тауып, ұсыныстар алдағы күннің өңшісінде қалды.

Жадыра АРЕН

ЖАҢА ПӘН ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қазіргі білім берудегі басты трендтердің бірі - бірлікте өмір сүру секілді қағиданы бекітуге ат салысу, өзге ұлт өкілдері мен ұлттарды түсіну қабілетін тәрбиелеу, олардың тарихы, дәстүрлері мен дүниетанымы туралы білімдерін толықтыру. Адам адамға тәуелділігін ұғыну қажет, бұл өркениет дамуындағы кедергілерден асып өтуге өзінің септігін тигізеді. Туындаған араздықты бейбіт шешу үшін жеке және ұжымдық әрекеттерін бірлесе отырып жобалауды үйрену қажет. Осылайша, әсіресе мемлекеттер, ұлттар мен әлеуметтік топтар арасындағы адалдық қатынастар құру қажеттілігін түсінуде тұлғаның азаматтық қасиеттерін қалыптастырудағы білім беру жүйесінің рөлін күшейтіп келеді. Қазіргі жаһандық, мемлекетшілік пен мемлекетаралық мәселелерді шешуде және демократиялық қоғамның өміршеңдігі үшін халықаралық және ұлттық білім беру құжаттарында бұрынғыға қарағанда әлеуметтік мінез-құлқ



нормаларын, сыни және шығармашылық ойлауды қалыптастыруға көп көңіл бөлінуде. Қарастырылып отырған тенденция, негізінен, мәдениеттің (өнегелілік, құқықтық, саяси) қасиеті ретіндегі толеранттылықты тәрбиелеу басымдығынан көрініс табады.

Жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отырып, университетіміздің «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының ұйымдастыруымен, яғни кафедра меңгерушісі Нұрбек Әбиболлаұлының бастамасымен 27 қаңтар күні Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе



өңірлік мемлекеттік университетінің бас ғимаратында «Мәңгілік Ел құндылықтары» пәнінің тұсаукесері өткізілді. Бұл жиынға «Ақтөбе облысы өкімінің аппараты» ММ өкілдері, Қазақстан халқы Ассамблеясы Ақтөбе филиалы хатшылығының меңгерушісі Бұлбұл Ораққызы Елеусінова және ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Рахым Ағыбайұлы Бекназаров, институт директорлары, факультет декандары мен кафедра меңгерушілері қатысты.

Тұсаукесер барысында пәннің негіздемесі мен оқу бағдарламасының жобасы ұсынылды. «Мәңгілік Ел құндылықтары» пәнінің өзектілігін талдай отырып, қазіргі болып жатқан жаһандық мәселелерге орай осындай пәннің оқу процесіне енгізілуі қажеттілігі анықталды.

Гүлдана МҰҚАНОВА

ҚЫСҚЫ СЕССИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университетінде 2016-2017 оқу жылының бірінші жартыжылдығында қысқы емтихан сессиясын өткізу жұмыс оқу жоспарларына және академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізілді.

Қысқы емтихан сессиясына 7210 студенттің 7173 студенті жіберілді. Барлық академиялық оқу топтарының саны—528, оның ішінде 315- қазақша, 213 – орысша оқу топтары. 2016-2017 оқу жылында 7210 студент болса, оның 31,9 %-ы мемлекеттік білім грант иегерлері. Университет бойынша студенттердің орташа сабаққа қатысымы 86,3 %.

Сапа көрсеткіші бойынша 2015-2016 оқу жылымен салыстыру жасасақ, сессияны «ете жақсы» мен «жақсы» бағаларға тапсырған студенттер саны 0,9 % көтерілді.

Өткен оқу жылымен салыстырғанда жалпы үлгерім көрсеткіштері шамамен бірдей, ал сапа көрсеткіштері сөйкесінше 1,7 % есу байқалады.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасымен университет бойынша 17 студент алыс, жақын шетелдерде және республика қалаларында бірінші жартыжылдықта білім алу қызметін пайдаланды. Атап айтсақ, Венгрияға 6 студент, Ұлыбританияға 2 студент, Алматыға 7 студент, Астанаға 1 студент, Оралға 1 студент барып білімін толықтырып келді. Осы студенттердің барлығы бағдарлама бойынша берілген оқу жоспарларын толық



орындады.

Университет оқытушылар құрамы мамандар даярлаудың

сапасын арттыру мақсатында университет кафедраларында емтиханға дайындық кезінде ұйымдастыру шараларын жасап, емтиханнан кейін топтың үлгерім және сапа көрсеткіштерін талдау, білім сапаларын нақты кетеру, жүзеге асыру, оқу процесін талапқа сай сапалы ұйымдастыру, яғни, сабақты сапалы жүргізу, пәндердің жұмыс бағдарламаларын жетілдіру, оқытушылардың жеке жоспарларындағы талаптарды нақтылау, студенттердің тәрбие жұмысымен тұрақты айналысу, оларды ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу, пән оқытушыларының (әсіресе факультет аралық пәндер) жауапкершілігін өлде де арттыру жұмыстарын жүргізуде.

Мамандарды даярлау сапасын арттыру, оқу-тәрбие жұмыстарын сапалы ұйымдастыру профессор-оқытушылар құрамының біліктілігіне тікелей байланысты екендігі белгілі. Сондықтан оларға алдағы уақытта да үлкен табыстар мен мол шығармашылық жетістіктер тілейміз.

Абзал МҰХТАРОВ,
оқу процесін ұйымдастыру
басқармасының бастығы

Универсиада - 2017

ШАҢҒЫ МАРАФОНЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев дәстүрлі Жолдауында халық денсаулығын Қазақстанның стратегиялық мақсаттарға жету жолындағы сәттіліктерінің бір бөлшегі ретінде атап көрсеткен болатын. Яғни, дені сау адам – мемлекет байлығы. Соңдықтан, бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру, азаматтардың денсаулығын нығайту үшін елімізде спортты қолдауға зор көңіл бөлініп отыр.

Жалпы, тәуелсіздігімізді алған ширек ғасырдың ішінде елімізде қысқы спорт түрлері шеберлерінің жаңа буыны қалыптасып келеді. Олардың Алматы қаласында өткелі отырған дүниежүзілік XXVIII қысқы универсиадада жарыс жолына шығар дүбірлі сәті де таяп қалды. Бүкіл Ақтебе облысы үкілі үмітін артқан спортшы қызымыз Мария Сизованың университетіміздің студенті екендігі баршамызға мақтаныш. Универсиадаға қатысушыларды, оның ішінде Марияға айрықша қолдау көрсету мақсатында Кірпішті ауданының демалыс базасында университетіміздің педагогика институты дене мәдениетінің теориялық негіздері кафедрасының ұйымдастыруымен үлкен шара өтті.

Шаңғымен жүгіруден өткен марафон-эстафетаға профессор-оқытушылар мен 200-ге тарта студент атсалысты. Жарыс басталмас бұрын еліміздің әнұраны айналды. Жиналғандар зор мақтанышпен қолдарын кеуделеріне тосып, әнұранды қосыла шырқады.

Кіріспе сез алған университетіміздің ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы, доцент Рахым Бекназаров: «Құрметті профессор-оқытушылар, студенттер! Осындай шаралар арқылы біз Марияға деген айрықша қолдауымызды, ерекше құрметімізді білдіреміз. Мария біздің мақтанышымыз, жастарға үлгі етер спортшымыз. Осындай мақтан тұтар жастарымыз кебейе берсін!» деген ол жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Салтанатты жиынның керкін жастар билеген флешмоб аша түсті. ҚР еңбек сіңірген қайраткері, университетіміздің педагогика институты музыкалық білім кафедрасының аға оқытушысы Гүлнар Мамбетованың жетекшілігімен дайындалған флешмоб биі жиналғандарға кетеріңкі кеңіл-күй сыйлады.

Жастардың биінен соң шаңғышылар 1 км және 3 км қашықтықта жарысын бастады. Жарысқа қатысушыларға дене тәрбиесі кафедрасының оқытушылары Айбек Габдуллин мен Шыңғыс Ембергенұлы терелік етті.

Жарыс нәтижесі бойынша 1 км-ге шаңғымен жүгіруден бірінші орынды Сүндет Раис жеңіп алды. Ал екінші орынды Нұрсұлтан Айдарханов иеленсе, үшінші орын Ислам

Жауғаштиннің өңшісіне бұйырды.

3 км-ге қашықтықта шаңғымен жүгіруде қарсыластарының барлығын шаң қаптырған Самғат Салават бірінші орынды қанжығасына байлады. Екінші орынды Әсет Нығметов жеңіп алса, үшінші болып мәре сызығына Нұржан Құрманәлі жетті. Жеңімпаздарды шаңғы марафонының етуіне қаржылай көмек көрсеткен университеттің кәсіподақ ұйымының басшысы Гүлнұр Зарлықова арнайы дипломдармен және кубокпен марапаттады.

Спорт – денсаулық кепілі екендігі баршамызға мәлім. Шаңғы марафонына жиналған жастардың спортқа деген құштарлығы, қызығушылығы бізді қуантпай қоймады. Әрине, бұл ретте ұстаздардың да рөлі зор. Университетіміздің педагогика институтының директоры Светлана Ермеқбайқызымен бірге институт профессор-оқытушыларының ауызбіршілікпен жұмыла марафон алаңында басынан соңына дейін студенттеріне қолдау көрсетіп жүргендігі сезімізге дәлел. Шараның жоғары деңгейде етуіне атсалысқан педагогика институты директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Рысқұл Измагамбетова, дене мәдениетінің теориялық негіздері кафедрасының меңгерушісі Руслан Шоқанов, студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс белімінің маманы Лена Құдайбергеновалардың да еңбегін атап өткен жөн.

Шара соңы енеп жастар шырқаған әсем әнмен жалғасты. «Әр қазақ алтындай, Алтыннан артық-ай» деп кек аспан астында шырқалған әннің жалынды сездері жиналғандардың патриоттық рухын бір кетеріп тастады.



Спартакиада өз нәтижесін берді



Бүкіләлемдік қысқы XXVIII Универсиадаға орай университетімізде өткен спартакиада өз нәтижесін берді. Бір ай бойы университеттің профессор-оқытушылары мен қызметкерлері спорттың 9 түрінен бақ сынады. Атап өтер болсақ, шахмат, тоғызқұмалақ, атыс, дартс, үстел теннисі, ерлер арасында стритбол, шағын-футбол, ерлер және әйелдер арасындағы волейболдан жарыс.



Спартакиаданы қорытындылау салтанатты жиынына университеттің тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректоры Мұхтар Мирон, кәсіподақ ұйымының басшысы Гүлнұр Зарлықова қатысты. Жарысты ұйымдастырушы спорт клубы төрағасы Әбілғазы Құлмағамбетов спартакиаданы еткізуге жағдай жасаған университет басшылығына, қаржылай көмек көрсеткен кәсіподақ ұйымына және жарысқа белсенді араласқан оқытушылар мен қызметкерлерге алғысын білдіріп, сез кезегін Мұхтар Орынбасарұлына берді.

«Бұл спартакиада Бүкіләлемдік додада бақ сынағалы тұрған университетіміздің студенті Мария Сизованы қолдау мақсатында еткізілді. Марияға ақ жол тілейміз!»,- деген ол спартакиаданың жоғары деңгейде етуіне атсалысқан оқытушылар мен қызметкерлерге алғысын білдірді.

Ойын нәтижесі бойынша жалпы командалық есепте бірінші орынды дене тәрбиесі кафедрасы, екінші орынды физика-математика факультеті, үшінші орынды экономика және құқық институты иеленді. Мұхтар Орынбасарұлы командаларды жеңістерімен құттықтап, жеңімпаздарға Мақтау қағаздары мен ақашалай сыйлық және Кубокты табыс етті. Белсенді қатысқан ойыншылар Алғыс хаттармен марапатталды. Қаржылай көмекті университеттің кәсіподақ ұйымы көрсетті.

ҚАНАТЫНДЫ КЕҢ СЕРПІ

XXVIII ҚЫСҚЫ УНИВЕРСИАДАНЫ ҚОЛДАУ МАҚСАТЫНДА ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫНДА КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН ИНСТИТУТ ОҚЫТУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ШАҢҒЫДАН САЙЫС ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ЖАРЫС «БЕРЕКЕ» ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ӨТТІ.



«Қанатынды кең серпі!» девизімен еткізілген шаңғы сайысында экономика және менеджмент кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., доцент Аслан Тасмағамбетов бірінші орынды, мемлекеттік басқару және маркетинг кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.к. Раушан Есберген екінші орынды иеленді.

Жеңімпаздарға Мақтау қағаздары, барлық қатысушыларға сыйлықтар табыс етілді.

Бетті дайындаған: Жадыра АРЕН

Уақытша тіркеу-ел қауіпсіздігі



Азаматтарды уақытша тұрғынжайы бойынша тіркеудің мән-жайын халық арасында өлі күнге дұрыс түсіне алмай жүргендерде табылады. Әрине, ербір өзгеріс дағдыға енгенше түрлі сұрақтардың туындауы да заңдылық. Жоғарғы оқу орнында білім алу үшін жастардың жан-жақтаң, ауыл-аймақтан келетіні баршамамызға мәлім. Жатақханада тұратын студенттерді уақытша тіркеуді жоғарғы оқу орны жүзеге асырғанмен, пәтер жалдап тұратын студенттерде жетерлік. Сондықтан жастар арасында түсініспеушілік орын алмас үшін университетіміздің заң бөлімінің басшысы Мұдр Қонысұлына бірнеше сұрақтар қойған едік.

- Қолданыстағы заңнамалық актілерге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы түсіндіріп кетсеңіз?

- Өздеріңізге мәлім, 2016 жылдың 22 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы қабылданып, сол жылдың желтоқсанының 27-і күні «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттеріне жарияланды. Бұл заң жарияланған күннен бастап 10 күн өткен соң, 2017 жылдың 7 қаңтарында заңды күшіне енді.

Жоғарыда аталған заң бойынша қолданыстағы 25 заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Атап айтқанда, ҚР Қылмыстық кодексі, қылмыстық процесстік кодекс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексіне,



көші-қон заңына және т.б. Мен Қазақстандағы тіркеусіз не жеке басты куәландыратын құжаттарсыз тұру мәселелеріне қатысты әкімшілік жауапкершілігіне ерекше тоқталып, заңды түсіндіріп кеткім келеді.

Мәселен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 492-бабының 1 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының күнтізбелік он күннен бір айға дейінгі мерзімде жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен не тұрғылықты жері бойынша, уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеусіз тұруы – ескерту жасауға әкеп соқтырады.

Осы баптың екінші бөлігінде азаматтардың

бір айдан астам мерзімде жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен не тұрғылықты жері бойынша, уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеусіз тұруы – жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соқтырады.

- Айлық есептік көрсеткіш мөлшерін қандай көлемде белгілегенін айтып кетсеңіз?

- 2017 жылға арналған республикалық бюджет туралы заңнамаға сәйкес айлық есептік көрсеткіш мөлшері 2269 теңге деп белгіленген. Мысалы, 2269 теңгені жеті айлық есептік көрсеткішке көбейтеміз, сонда 15 883 теңге көлемінде айыппұлды құрайды. Айыппұл мөлшері осы аталған заңға сәйкес жыл сайын өзгеріп отыратынын атап кеткім келеді.

- Егер бір жыл ішінде әкімшілік жаза қолданғаннан кейін қайталанған жағдайда қандай шара қолданылады?

- Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – он үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соқтырады.

- Уақытша тұрғынжайға тіркелу жайында студенттерге түсіндіру жұмыстарын жүргізу қалай жүзеге асуда?

- Оқу орнының басшысы бекіткен кестеге сәйкес осы жылдың 23 - 28 қаңтар аралығында студенттерге тіркеу тәртібін түсіндіру мақсатында университеттің тәрбие жұмысы және жастар саясаты басқармасының басшысы Әлібек Қаратаев, институт директорлары, факультет декандары, кураторлары біргесе отырып, кездесу өткізілді.

- Кездесу барысында студенттерді мазаалаған қандай сұрақтар болды?

- Студенттер «Туысықанымыздың үйінде тіркеудеміз. Бірақ басқа жерде тұрамыз. Бұл жағдайда жауапкершілік қарастырылған ба», «Жатақханада тіркеудеміз. Бірақ басқа жерде пәтер жалдап тұрамыз», «Ақтебе қаласына жақын орналасқан Бештамақ елді мекенінде тұрамын. Күнделікті қатынап оқимын», «Ауылдан тіркеуден шығып, қалаға тіркелуіміз керек пе» деген сұрақтарды көп қойды. Осы сұрақтар төңірегінде нақты тұрған жеріңізге уақытша тіркелу керектігін, қалаға жақын елді мекендерден күнделікті қатынаған жағдайда уақытша тіркелу міндетті еместігін, егер қалада бір айдан астам уақытта тұратын болса, онда уақытша тіркелуге міндетті екендігін түсіндіріп өттім. Басқа облыстан келген бір студент пәтер жалдап тұратынын, пәтер иесі басқа қалада жұмыс жасайтынын, ондай жағдайда тіркеу қалай жүзеге асырылатынын сұрады. Оған жұмыстағы кісінің қалаға келуі міндетті емес, онлайн режимінде тіркеуді пәтер иесі жүргізе алатынын айтып кеттім.

- Пәтер иесіне қандай жауапкершілік артылады?

- Осы кодекстің 493-бабына сәйкес тұрғынжай меншік иесінің немесе қ а р а м а ғ ы н д а тұ р ғ ы н ж а й л а р ,

ғимараттар және (немесе) үй-жайлар бар басқа да тұлғалардың оларда нақты тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуге жол беруі не меншік иесіне тиесілі немесе басқа да тұлғалардың қарамағындағы тұрғынжайларда, ғимараттарда және үй-жайларда тіркелген және тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуден шығару жөнінде шаралар қолданбауы не жеке тұлғалардың тіркеусіз тұруына жол беруіне де әкімшілік жауапкершілік қарастырылған

- Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбатты жүргізген: Жадыра АРЕН

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің «Материалдардың радиациялық физикасы» ғылыми орталығының директоры, «Физика» кафедрасының профессоры, ф.-м.ғ.д. Шұңқеев Қуанышбек Шұңқейұлын мемлекеттік және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі, елдің өлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ыңымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградталуымен құттықтаймыз!

«Физика» кафедрасының ұжымы

ОБУЧЕНИЕ В ВЕНГРИИ



Программа международной академической мобильности является одним из обязательных параметров Болонского процесса, а также это незабываемый опыт обучения за рубежом в течении одного семестра и общения со студентами всего мира. Опыт обучения в зарубежном вузе помогает студентам развить опыт самостоятельности, сдержанности, уверенности и иначе воспринимать ценности жизни. Студенты имеют больше шансов на трудоустройство, так как обучение по программе международной академической мобильности дает огромную возможность студентам становится более целеустремленными, открытыми к новым знаниям, заинтересованными, а также имеют навыки по решению одной или более проблем.

У студентов Актюбинского регионального государственного университета имени К. Жубанова есть возможность участвовать в программе академической мобильности и получить грант как от Министерства образования и науки Республики Казахстан, так и от родного университета, а также от многих ведущих международных организаций и правительств других государств.

Таким образом, 6 студентов 3 и 4 курсов образовательной программы 5B011900 «Иностранный язык: два иностранных языка» и 5B021000 «Иностранная филология» факультета иностранных языков Сулейменова Айгерим, Азилхан Томирис, Конкабаева Акерке, Боранкулова Алия, Батырбаева Асель и Багитова Айдана вернулись из Университета прикладных наук имени Яноша Кодолани Венгрии. Студенты успешно освоили кредиты венгерского вуза-партнера и вернулись в родной университет получив ценный опыт и навыки обучения и общения с представителями разных стран на английском языке.

Во время каникул студенческая виза помогла студентам без проблем путешествовать по Франции, Бельгии и Польше.

Актуальные новости об открытии конкурсов на получение грантов и стипендий всегда можно узнать на официальном сайте нашего университета, а также в Отделе международного сотрудничества.

Акторгын АГИСБАЕВА

ҚЫЗЫҚТЫ КЕЗДЕСУ



Қаңтардың 24-і күні «Жұбановтану» ғылыми-зерттеу лабораториясы шет тілдер факультетінде ағылшын тілі мамандығы бойынша оқитын 3 курс студенттерімен «Қ.Жұбановтың жарқын бейнесі бізге үлгі» атты кездесу сағатын өткізді.

Кездесу барысында студенттер зертхана меңгерушісі, академик-журналист Б.Ш.Баймұхановтың ұлы ғалым туралы ғылыми-әдеби мазмұндағы әңгімесін тыңдап, профессор Қ.Жұбанов туралы деректі бейнефильм көрді. Ғалымның өмірі, қызметі, ғылыми шығармашылығына қызығушылығы мен ынтасы артқан студенттер «Қоғам. Адам. Ғылым» жөнінде, «Бүгінгі өмірдің мәні мен мақсаты неде?», «Мен өзімді қалайша тұлға ретінде қалыптастырамын», «Жұбанов феноменін қалай түсінем» деген сұрақтарға өзара пікір алысып, ой бөлісті.

Өз шәкірттерін асқан ұйымшылдықпен осындай кездесу сағатына әкелген шет тілдер факультетінің оқытушысы Е.Б.Абдуллина кездесу соңында тәлімдік-тағылымдық маңызы зор, өте әсерлі өткен бұл шара үшін «Жұбановтану» зертханасына өзінің үлкен ризашылығын білдірді.

Жұлдыз МАТЖАН,
«Жұбановтану» зертханасының ғылыми қызметкері

Жаңа кітап

Қолымызға тиген педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Қ.Құсайыновтың осынау шағын кітабында Қазақстандағы орта білім беру сапасын кетеру мақсатында атқарылған жұмыстарға талдау жасалып, оның дағдарысқа түсу себептері сараланған. Әлемдік озық тәжірибелер негізінде білім сапасын арттыру жолдары атап көрсетілген. Жеке-жеке тоқталып ететін болсақ, мәселен, «Білім сапасын кетерудің негізі» атты тарауында автор білім реформасының 10 жылда бір жүргізілуі шарт екенін айта келіп, оның деңгейін арттыру үшін білім беру жүйесі жақсы дамыған елдерді анықтап, олар осындай көрсеткіштерге жетуде қандай ұстанымдарды негізге алғандарын білу; әлем елдерінің білім беру жүйелерін зерттеген ғылыми-тәжірибелік еңбектерді мұқият талдап, білім беру жүйесін құраушыларды анықтау; осы құраушылар негізінде елімізде атқарылған жұмыстарды зерделеп, қажетті қорытындылар жасау қажет екенін алға тартады. Сондай-ақ, аталған тарауда Сингапур, Оңтүстік Корея және Гонконг сынды елдердің білім беру деңгейін кетеру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізгенін айта келе, сол сияқты Қазақстанның орта білім жүйесі үшін де оқу әдебиеті, педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі, білім сапасын бағалау жүйесі, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру, ғылыми-зерттеу жұмыстары, басқару жүйесі, материалдық-техникалық база тәрізді жүйе құраушы элементтердің дәрежесін жетілдіру қажет екенін атап көрсетеді.

«Білім беру жүйесі құраушыларының сапасын кетеру» атты екінші тарауда білімді нақты емірдегі жағдаяттармен, адамның тұрмыс-тіршілігімен ұштастырыла берілмейтін қынжыла жеткізе отырып, орта білім жүйесінде нәтижеге бағдарланған білім беру парадигмасының орын алуы тиіс екенін қадағай айтады. Ол дегеніміз, мысалы, химия пәнінде оқушылардың химиялық элементтер кестесін механикалық түрде жаттап алып қана қоймай, сонымен бірге күнделікті тұрмыста керіп жүрген қарапайым ыдыс жуғыш сұйықтықтың құрамындағы заттардың қасиеттерін біліп,


түсіндіре алса екен деген оиды меңзейді автор. Ал он бір сынып бойына тел тілін барынша үйренген түлектің ана тілінде ойын жөнді жеткізе алмай, тіпті сауатты жаза білмейтіндігінің себебі, ғалымның пікірінше, қазақ тілі пәнінің нәтижеге бағдарланып оқытылмайтындығынан болып отыр. Сондықтан да балалар сауатты жазуға дұрыс үйретілмей келеді. Дамыған елдер болса, мұны «өртрек түсініп, бұдан қажетті қорытынды шығара білді. Олар оқу мазмұнын жүйелеумен бірге оқушыларды тек білім алушы ғана емес, оқу үдерісіне белсене араласушы деңгейіне кетере алды. Олардың ездігінен білім алу, оны емірдегі жағдаяттарда пайдалана білу, қажетті қарым-қатынас жасау, ізденушілік қызыреттіліктерін қалыптастырып, дамытып» келеді.

Әлемдегі орта білім жүйесінің дамуын зерттейтін PISA

жолдай келе, бастауыш сыныптардағы пәндердің жөнді таңдалуы керек, 12 жылдық мектептің бастауыш сыныптарының білім беру стандарты мен барлық пәндердің оқу бағдарламалары, әлі де болса мұқият талқыланып, оларды жетілдіру мақсатында тиянақты жұмыстар атқарылуы қажет деп түйіндейді автор.

«Оқу әдебиетінің сапасын кетеру» атты тараушада еліміздегі оқулық мәселесі сез етіліп, көзінде Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұв, М.Дулатовтар бастаған оқу кітаптарын шығару процесінің, екіншіше қарай, жөнді жалғасын таппай қалғаны айтылған. Елімізде «объективті себептермен оқулықтану ғылымы дамымағандықтан, авторлар өз мүмкіндіктеріне қарай оқу әдебиетін дайындай бастады». Оқу әдебиетінің сапасын кетеру

қасиетті, терең білімді, бала психологиясын жақсы түсінуді, адамдармен қарым-қатынас жасай білуді, рухани тазалықты



сынды салыстырулар нәтижесінде автор біздегі орта білім жүйесіндегі проблемаларды айна-қатесіз ашкерелеп отырады.

Білім сапасы дамыған елдерде әр хирургті ота жасауға қалай дайындау керек болса, әр ұстазды сабақ беруге солай дайындау қажет деп есептейтін автор, мектепке «кадр таңдауда бір ғана қателік жіберілетін болса, оқушыларға 40 жыл бойы сапасыз білім берілетін болады» деген тұжырымды ортаға салады. Сол себепті де басты мақсат, ғалымның пайымдауынша, педагог кадрлардың әсіресе бастауыш сыныптарда сабақ беретін ұстаздардың кәсіби біліктерін арттыру болуы керек. Ол үшін біріншіден, орта мектептерде сабақ беріп жүрген мұғалімдердің кәсіби деңгейлерін кетеру жұмыстары ешбір кезек күттірмейтін жұмыстар екенін мойындап, оны тиімді іске асыру қажет; екіншіден, педагог кадрларды даярлаудың әлемдік озық тәжірибелерге негізделген ғылыми концепциясын дайындап, сол негізде жұмыстар жүргізу керек; үшіншіден, педагогикалық колледждердің беретін білім дәрежесін бакалавр-педагогтар деңгейіне дейін кетеру қажет.

Бұл кітап ата-аналарға, ұстаздар мен профессор-оқытушыларға, студенттер мен магистранттарға, білім беру саласы қызметкерлері мен жалпы оқырмандарға арналған. Қарапайым әрі түсінікті де жатық тілмен жазылған. Кейбір стилистикалық және техникалық қателіктерді есепке алмағанда, бұл шағын ғана жаңа кітаптың орта білім сапасын дамытуға қосар үлесі зор.

Кітаптың ез аннотациясында көрсетілгендей, елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында еліміз әлемнің 30 бәсекеге қабілетті елдері қатарына 2050 жылға дейін өнуі тиіс деген міндет қойған болатын. Ал сол рейтингтің басты факторларының бірі «Жоғары білім және кәсіптік даярлық» екенін ескерсек, бұл оқулық сол жоғары білімге алғышарт болатын орта білім мәселелерін қозғайды.

Аппысбай МҰСАЕВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

халықаралық компаниясының зерттеулері дәлелдегендей, қазақстандық студенттердің математика пәні бойынша нәтижелері төмен деңгейде қалып отыр. Оның себебі, ғалымның зерттеуіне сүйенсек, кешбасшы шетелдік мемлекеттердегі тапсырмалар жүйесін біздің оқушылар оқитын оқулықтардың мазмұнымен салыстырғанда, отандық оқулықтарымызда 5-ші және 6-шы деңгейлік тапсырмалар ете жиі қарастырылатыны анықталған. Ал жоғарыда аталған компания білім сапасын анықтау кезінде, әлем оқушыларын 6 деңгейлік тапсырмалар бойынша сыннан өткізеді екен. Дамыған елдердің бұл зерттеуге қатысу себебі, ондағы сұрақтар заман талабына сай нәтижеге бағдарланған білім беру деңгейін анықтауға негізделіп құрастырылған. Яғни, егер біз оқушыларға халықаралық оқу талаптары дәрежесінде білім бере алмай отырып, онда олардан қалайша жақсы нәтижелер күтуге болады? деген орынды сауалын

үшін, ғалымның ойынша, алдымен оқулықтану ғылымын дамыту керек. Биліктің тарапынан назарға ілінбей отырған бұл ғылым саласының негізінде оқулықтың атқаратын мақсат-міндеттеріне, мазмұнына, құрылымына, мәтіндеріне, материалдарды меңгерту жүйесіне, кернекілік құралдарына, бағдарлау аппаратына, басылуына, сонымен қатар олардың атқаратын функциялар жүйесіне көптеген нақты талаптар қойылады. Оны жақсы білмеген автор жақсы оқулық жаза алмайды, деп пайымдайды автор. Одан бөлек, оқулық жазушыларға дұрыс жағдайдың жасалуы, бұл істің нормативтік тұрғыдан да реттелуі, оқулық сапасын анықтаудың ғылыми негізделген критерийлер жүйесін жасау т.с.с. түйткілдер орынды түрде құн тәртібіне қойылған.

«Ұстаздық өткен жалықпас, үйретуден балаға» деп хакім Абай айтпақшы, кез келген адам мұғалім, оның үстіне жақсы мұғалім бола алмайды. Себебі, кітап авторының пікірінше, ұстаздық еңбек «асқан талғампаздықты, мол адами

және адалдық қасиеттерді қажет ететін жауапкершілігі мол аса күрделі мамандық».

А. Құсайынов озық елдер мен біздің мемлекетіміздегі ұстаздар дайындауда көзделетін айырмашылықтарды саралай келе, дамыған елдерде, ең алдымен педагогикалық оқу орындарында мектепті жақсы аяқтаған, мәселен, Оңтүстік Кореяда үздік 5%-ға, Финляндияда – 10%-ға, Сингапур мен Гонконгта – 30%-ға кіретін түлектердің ғана құжаттары қабылданатынын анықтаған. Олар қызметке кіріспес бұрын педагогикалық кәсіпке бейімділіктерін растайтын арнайы тест тапсыратын керінеді. Ал магистр-педагогтар мектепке жұмысқа орналасуға келгенде, қоғамдық комиссия алдында күрделі сынақтан өтіп, оны сәтті тапсырып жұмысқа қабылданады, яғни жас магистр-педагогқа тәлімгер (коучер) бекітіледі. Ол «жас ұстазбен бірінші күннен бастап, қашан ез бетінше жақсы сабақ бере алатындай деңгейге жеткенше бірге жұмыс жасайды». Мінеки, осы

ҒАЛАМТОР ІШІНДЕГІ БІЛІМ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЖАСТАРДЫ АЙТПАҒАНДА, ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ КІСІЛЕР ДЕ ҒАЛАМТОР ПАЙДАЛАНАДЫ ДЕСЕК ҚАТЕЛЕСПЕЙМІЗ. ӨЙТКЕНІ, КӨШЕДЕ БОЛСЫН, НЕ ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА БОЛСЫН, ҮЙДЕ, ТҮЗДЕ ДЕ ОСЫ ҒАЛАМТОРЫ БАР СМАРТФОНДАРДЫ, БАСҚА ДА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫ КӨПТЕП КЕЗДЕСТІРЕМІЗ.

Бұл жағдайды күнде кере отырып «бұған не себеп» деген ой келеді. Жұмыс жоқтық па немесе уақытты бос өткізушілік пе? Әлде, интернет желісінде қоғамға расымен пайда тигізетін сайттар, топтар ашылумен байланысты ма? Әйтеуір, сан-сұрақтар сананы толтырып тастайды.

Мазамды алған сауалға жауап іздеп, қатарлас құрбы-құрдастарым арасында сауалнама жүргізіп көрдім. Ата-әжелеріміз «жастар бұрын далада ойнап жүретін еді, ал қазір бір кішкеңе қорапты алдына қойып алып, ұңіліп отырады да қояды» - деп айтқандарына қарап, ғаламторда отыратындарды тек ойын ойнап, не чат арқылы сөйлесіп қана қояды деуге келмейді екен. Мен тілдескен жастардың көпшілігі ғаламтор ішінен білім іздеп, кітаптардың электронды нұсқасын тұтынады. Иә, алғаш рет қыш текшелеріне, тақта тастарға қашалып басылған жазуы бар кітаптар, заманның дамуымен өзгеріп, бүгінгі таңда ғаламторды ашып та, қажетінді табуға болатын жағдайға

жетті. Қарбаласқа толы күйбең тіршілікте кітапханаға бару мүмкіншілігі жоқ адамдар үшін тиімді электронды кітаптар қызмет ете бастады. Яғни, желіде қажет емес дүниелерді қараумен бос уақыт өткізбей, пайдалы, емірлік маңызды білім нәрімен сусындауға толық мүмкіндік бар.

Сонымен жас оқырмандардың талғамын білу мақсатында жүргізген сауалнама қорытындысы бойынша, көпшілік жастардың таңдауы Батыс елдерінің әдебиетіне, заманауи романдар мен фантастикалық жанрында жазылған трилогияларға түсті. Олардың ішінде, Д.Мойес «До встречи с тобой», Н.Спаркс «Дневник памяти», Д.Роулинг «Гарри Поттер» (7-томы) т.б. Қазақ жазушылары ішінде М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы, Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар», Ғ.Мүсіреповтың «Ұлпан» романдары т.б. бар.

Кітап оқыған ұлттың болашағы зор. Біліміз қоғам



ешқашанда ерге басқан емес. Сол себепті, білімді жастар қажет. Қазіргі қоғамда тек қана пайдалы іспен шұғылданыңыздар, кітап оқыңыздар, ездериңізді жетілдіріңіздер!

Амангүл ДОСМҰХАММЕДОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
1 курс студенті

Еске алу

Уақыт шіркін нектен қатал?! Бүкіл саналы ғұмырын ескелең ұрпақ тәрбиесіне, білім-ғылымға арнаған ұлағатты ұстаз, елімізге белгілі математик-ғалым Амантай Бержанұлы ойламаған жерден бақилық болғалы да жылға жуық уақыт етіп кетіпті-ау!

Әттеген-ай, шынайы болмысымен, риясыз күлкісімен, кеңпейілділігімен ерекшеленетін ақкөңіл Аға ортамыздан кездейсоқ кетпегенде қаншама маңызды шараларға мұрындық болар еді, ғылыми-педагогикалық жетістіктерімен қуанта берер еді, балалары мен немерелерінің қызығына көнеле берер еді...

Амал нешік, өмірінің соңғы сәттеріне дейін сапта болған жауынгердей ер кәсібіне адал бола білген азамат Ағаны оқыстан келген сырқат шеңгелінен шығармай ұстап алғанына екініңнен басқа не шара бар?!

«Тау алыстаған сайын биіктей береді» дегендей, уақыт еткен сайын жақсы Ағаның жарқын бейнесі жадымызда онан сайын тұлғалана түскендей. Оның өмір жолына кез жүгіртсек, білім-ғылымға деген құштарлыққа, ерен еңбекке, шыдамдылыққа, қайтпас қайсарлыққа толы енегелі де жарқын жолды кереміз.

1948 жылы 7 қарашада Ақтөбе қаласында туған Бержанов Амантай Бержанұлы Шалқар қаласындағы №1 қазақ орта мектебінде, 1962-1966 жылдары Ақтөбе педагогика училищесінде оқыған. 1971 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогика институтын математика мамандығы бойынша Н.К.Крупская атындағы стипендиямен үздік бітірген. Еңбек жолын Сарбұлақ сегізжылдық мектебінде бастауыш сынып мұғалімдігінен бастап, Қорғантұз орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі ретінде жалғастырады. 1973 жылдан бастап Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогика институтында аға оқытушы, доцент, факультет деканының орынбасары

қызметтерін атқарды. 1975-1978 жылдары Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасында «Дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика» мамандығы бойынша оқып, Қазақ КСР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі

математиктері жеңіп алған Гранттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жалғастырды, 167-дан астам ғылыми еңбектер жариялады, бірнеше аспиранттың кандидаттық диссертациясына, ондаған магистранттың ғылыми

Жұбайы – Тілектес Әмірғалиева бұрын университеттің информатика кафедрасының доценті болып ұзақ жылдар табысты еңбек еткен ардагер – ұстаз, қазір зейнеткерлік демалыста. Баласы Алмас – инженер-программист, келіні Сәуле

ҰСТАЗДЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ, ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ...



Д.Ү.Үмбетжановтың ғылыми жетекшілігімен «Бірінші ретті дербес туындылы интегро-дифференциалдық теңдеулер жүйесінің кепериодты дерлік шешімдері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 2003-2015 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің математика ғылымы бойынша жариялаған конкурстарында университет ғалым-

жұмыстарына және жүздеген студенттердің дипломдық жұмыстарына жетекшілік етті.

Алған нәтижелері бойынша Мәскеу, Киев, Новосібір, Астана, Алматы, Бішкек, Нальчик, Ақтөбе, Одесса, Моңғилов, Қарағанды, Мелитополь, Сакарія, Орап, Брест, Арқалық қалаларында еткен Халықаралық ғылыми конференциялар мен симпозиумдерде баяндамалар жасады.

2010 жылы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде «Кейбір дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер жүйелерінің айнымалыларының бір бөлігі бойынша кепериодты шешімдерін зерттеу» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Өмірінің соңғы жылдарында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Қолданбалы математика және информатика институтының директоры қызметін атқарды.

Ол «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» тесбелгісімен марапатталған.

– шетел тілі маманы, қызы Жанат – психология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің оқытушысы, күйеу баласы Алексей – инженер-программист, немерелері Дана – студент, Всеволод – мектеп оқушысы, Даулет – балабақшада.

Уақыт сынаптай сырғи береді, тірілер тіршілікті жалғастыра береді. Бұл - табиғи заңдылық. Жаны жайсаң, жарқын жүзді жақсы Ағаны, әріптесімізді қимастықпен еске ала отырып айтарымыз: Біз Сізді өмір бойы ұмытпаймыз! Сіздің ғұмырыңыз ғылыми-әдістемелік еңбектеріңізбен, әріптестеріңіздің, шәкірттеріңіздің, ұрпақтарыңыздың игілікті істерімен жалғасады!

Жатқан жерің жайлы, топырығың торқа, иманың жолдас, алдың пейіш, артың кеніш болсын, қайран Амантай Бержанұлы! Алла тағала артыңда қалған бала-шағаңа, ұрпақтарыңа, ағайын-туыс, жеңжаттарыңа зор денсаулық, бақытты ғұмыр, жарқын болашақ берсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Іргелі және қолданбалы математика кафедрасының ұжымы

СЧАСТЬЕ СЛУЖИТЬ НАУКЕ ...

Светлой памяти профессора А.М.Бержанова – известного ученого-математика и доброго коллеги

Имя Амантая Бержановича Бержанова, доктора физико-математических наук, профессора Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова навсегда осталось в светлой памяти коллег, студентов, научных соратников, всех тех, кого связала с ним математика, интерес к науке и общие идеи.

Возможно, современное поколение людей выработало свои взгляды в отношении науки, тем более, когда речь идет о математике с многопериодическими решениями дифференциальных уравнений, построением математических моделей воздушных судов, методами исследования краевых задач дифференциальных уравнений и т.д. Вот таким научным проблемам посвятил свою жизнь профессор Амантай Бержанов.

О таких как он говорят, что «математика уступает свои крепости лишь сильным и смелым» (А.П. Конфорович). Эти слова можно по праву отнести профессору А.Бержанову. Внешне очень скромный и добродушный человек покорил вершины царицы всех наук – математики. Его научный багаж насчитывает более сотни весьма серьезных фундаментальных и прикладных исследований по дифференциальным уравнениям, высшей математике, уравнениям математической физики и т.д. 167 научных трудов опубликовал профессор А.Бержанов за годы своей плодотворной деятельности в АРГУ им. К.Жубанова. Профессор уделял большое внимание освещению научных идей казахстанских ученых в зарубежных изданиях, среди них научные журналы вузов России, Турции, Украины, Америки. В их числе немало публикаций в соавторстве с такими учеными, как – К.К.Кенжебаев, Ж.А.Сартабанов, Е.К.Курманғалиев,



Б.Ж.Жақашбаев, А.Ж.Тасмамбетова, Г.А.Абдикаликова и др.

Амантай Бержанович развил свои научные идеи в проектные работы, которые нашли своё признание и были одобрены Министерством образования и науки РК в виде грантового финансирования. Научный проект «Качественные исследования некоторых аналитических и периодическо-краевых задач для систем дифференциальных уравнений» был высоко оценен на уровне МОН РК и финансирован на сумму более 11 млн. тенге (2013-2015 гг.).

К таким значимым научным заслугам про-

фессора А.Бержанова следует отнести НИИ прикладной математики и информатики, который стал брендом университетской науки. Примечательно, что у истоков создания данного НИИ стояли известные математики-ученые: д.ф.-м.н., проф. К.К.Кенжебаев, д.ф.-м.н., проф. Ж.А.Сартабанов, д.ф.-м.н., проф. Ж.Н.Тасмамбетов, и, сам профессор А.Бержанов. Их научная школа создала условия для подготовки и взращивания нового поколения математиков и молодых исследователей. Десятки дипломных, диссертационных исследований и защит диссертаций, научных проектов, научно-ме-

тодических трудов и мероприятий было проведено благодаря изысканиям доблестного коллектива ученых-математиков. Последователи научных идей А.Б.Бержанова и его соратников успешно трудятся в научно-образовательной индустрии страны.

Отдел научно-инновационных программ, ректорат вуза выражают слова благодарности организаторам книги памяти и тепло вспоминают дорогого коллегу – профессора Амантая Бержановича Бержанова.

Алтын МЫРЗАШОВА,
начальник отдела НИП



Байқауда экономика және құқық институтының мемлекеттік басқару және маркетинг кафедрасының оқытушысы Раушан Есберген, тарих факультетінің география кафедрасының оқытушысы Нурия Мерхайдарова, тарих және тарихты оқыту әдістемесі кафедрасының оқытушысы Александр Перевезенцев, жаратылыстану факультетінің биология кафедрасының аға оқытушысы Ирина Молдекова, экономика және құқық институтының мемлекеттік құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы Еркебұлан Молдабеков, жаратылыстану факультеті экология кафедрасының аға оқытушысы Сауле Базарбаева, жалпы педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы Гүлім Елеусиновалар зерттеу жұмыстарын қорғады. Әдістемелік жобаларды комиссия төрағасы Г.Р.Бахтиярова, комиссия мүшелері А.Н.Кадиркулова мен

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛІ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ

ЖЫЛ САИЫН ДӘСТҮРЛІ ТҮРДЕ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІМІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ, ОЗЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚОЛАЙЛЫ ЖҰМЫС ЖАСАУ МАҚСАТЫНДА ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫН ӨТКІЗІП ОТЫРАДЫ.

Биыл да бұл игі дәстүр жалғасын тапты. Байқау үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезең бойынша әдістемелік апталықтың қорытындысы бойынша институттар, факультеттер мен кафедралар іріктеп алған жұмыстарға қабылдау жүргізілді. Екінші кезеңде үздік деп танылған он ғылыми-зерттеу жұмысы іріктеліп алынды. Университет ректорының бұйрығымен сараптау комиссиясы құрылып, комиссия төрағасы Ж.А.Жусупова, комиссия мүшелері Г.К.Кусаметова мен Г.Е.Нурмухановалар байқау материалдарын сарапқа салды. Комиссия сараптау барысында жоба тақырыбының езектілігіне, әлеуметтік маңыздылығына, қазіргі білім беру саясатына және жоғары кәсіптік білім беруді модернизациялау міндеттерінің сәйкестігіне, әдістемелік жобалардың жаңашылдығы, технологиялығы, қолдану мүмкіндігіне баса назар аударды. Нәтижесінде сараптаудан жеті жұмыс қана етіп, байқау презентациясына жіберілді.

Байқаудың таныстырылымы салтанатты түрде өткізілді. Оған жоба жұмысының авторларынан басқа университеттің оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры Төлген Ботағариев және профессор-оқытушылар қатысты.

А.Қ.Курмановалар бағалап, байқау қорытындысының нәтижесін шығарды. Комиссия төрағасы Г.Р.Бахтиярова «Үздіктерді анықтау барысында жобада қолданылатын инновациялық форма, әдіс-тәсілдердің негізделуін, логикалық бірізді және дәйекті дәлелмен баяндалуын, шешендік шеберлігі мен жалпыпедагогикалық мәдениетіне жете мән беріп, ескердік», - дейді.

Нәтижесінде Ақтебе облысындағы сирек кездесетін және жойылып бара жатқан құстарды қорғау жайында баяндама жасаған Ирина Молдекованың зерттеу жобасы үздік деп танылып, бірінші орынды иеленді. Екінші орынды пластмасса қалдықтарын қайта еңдеу жолдарын зерттеген Сауле Базарбаеваның жобасы иеленді. Тарихтағы тұлғаның қалыптасу факторын зерттеп, зерделі ой айтқан Александр Перевезенцевтің жобасы үшінші орынға лайық деп танылды. Сонымен қатар «Азаматтық құқық түсінігі» езекті тақырыбын қозғаған Еркебұлан Молдабековтың да зерттеу жұмысы үшінші орынды иеленді.

Іріктеу кезеңдерінен етіп байқауға қатысқан жобалардың барлығы елеусіз қалмады. «Кешбасшы әдіскер» номинациясымен Нурия Мерхайдарова марапатталса, «Жаңашыл оқытушы» атағына Гүлім Елеусинова ие болды. Раушан Есберген «Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнестің даму бағыттары» жобасы бойынша «Алғыс хатқа» ие болды.

Әдістемелік бөлім



ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ШЕҢБЕРІНДЕ

2017 жылдың 19 қаңтарында саяси-әлеуметтік пәндер кафедрасы «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың әдістемелері» тақырыбы бойынша жалпыуниверситеттік әдістемелік семинар өткізді. Семинардың басты мақсаты – жоғары оқу орындарында оқытылатын дінтану пәнін оқыту бағытында оқу әдістемелік мәселелерді талқылау, пән бойынша жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдануды үйрету және оқытушылармен мамандарға ақпарат беру.

Дөңгелек үстел шеңберінде өткен әдістемелік семинарды саяси-әлеуметтік пәндер кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты Үмбетхан Сәрсембин кіріспе сөзбен ашып, жүргізіп отырды.

Орайлы тұста, Үмбетхан Қуандықұлы «Дінтану» пәні ұғымы теңірегінде ой тербеп, алғаш рет бұл пән Ақтебе мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Ғалымжан Жұмабайұлының бастамасымен енгізілгенін де айта кетті. Сонымен қатар, бұл пәнді оқыту барысында кафедра оқытушыларының атқаратын қызметінің жоғары екендігіне де тоқталды.

Аталмыш семинарға университетіміздің оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры Т.Ә.Ботағариев, жалпы педагогика және

психология кафедрасының оқытушылары мен университет қызметкерлері қатысты.

Семинарда философия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы М.Г.Н.Габдсаггарова «Философия мен дінтанудың өзара байланысы» тақырыбында және гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы Б.А.Нұралина «Дінтану пәнін оқыту барысында интерактивті әдістерді қолдану» атты баяндамаларын жасап, көпшіліктің талқылауына салды.

Семинар соңында кафедра меңгерушісі семинарға қатысушылар мен баяндамашыларға және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Төлген Әміржанұлына алғысын білдірді.

Сандуғаш БАЙҒҰЛҚЫЗЫ

ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жақында шетел тілдері факультетінде «Жоғары оқу орнында шетел тілдерін оқытудың модульдік – құзреттілік тәсілін іске асыру: әдістемесі мен технологиясы» атты жалпы университетішілік әдістемелік семинар өтті. Семинар мақсаты - оқытушылардың әдістемелік тәжірибе алмастыруына жағдай жасау.



Факультет деканы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Салтанат Искиндинова семинарды кіріспе сөзбен ашып, мақсат-міндеттерімен таныстырып өтті.

Филология кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Г.К.Кушкарлова баяндамасында шетел тілі сабағының бағыт бағдарына талдау жасап, неміс тілі пәнінде тұлғаның іс-әрекетіне бағытталған интерактивті әдіс-тәсілдер жөнінде ақпарат берді. Ағылшын және неміс тілдері кафедрасының аға оқытушысы Э.Б.Хасанова «Мнемотехника неміс тілінде оқытудың тиімді тәсілі» тақырыбында баяндама оқып, студенттердің белгілі бір көлемдегі ақпаратты есте сақтау қабілеттерін дамытудың тиімді тәсілдерімен таныстырды. «Модульдік оқыту технологиясының ауызша аудармашы құзреттілігін қалыптастырудағы ерекшеліктері» тақырыбында аударма ісі кафедрасының аға оқытушысы Ж.С.Абдигалиева баяндама оқып, модульдік технологияның тиімділігі, ауызша аударма барысында қолданыс аясы мен ерекшелігі жөнінде ой қозғады.

Ағылшын және неміс тілдері кафедрасының аға оқытушысы А.Т.Трушева «Интерактивті деріс формалары» тақырыбындағы зерттеу жұмысында интерактивті оқыту тәсілдерінің тиімді жолдарын қолданудың ерекшеліктері мен артықшылықтарын теориялық және тәжірибелік жағынан түсіндіріп берді.

Жанар ЖЕТЕСОВА,
аударма ісі кафедрасының оқытушы



Тарихта болмаған суық температура тіркелді

Антарктидадағы жапониялық «Купол Фудзи» зерттеу стансасында ауа температурасы Цельсий шкаласы бойынша минус 91,2 градусты көрсетіп, жаңа рекорд орнатты, деп хабарлайды The Sunday Times. Жер бетінде бұрын-соңды мұндай темен температура болмаған дейді ғалым.

Ауа-райы өлшемін жер серіктері берген мәліметтерге сүйеніп отырып америкалық қар мен мұзды зерттеу орталығы анықтаған Мамандардың мәліметінше, температураның рекордтық көрсеткіші теңіз деңгейінен 3720 метр биіктікте, желсіз, жауын-шашынсыз кезде орын алыпты.

Бұған дейін ең жоғарғы температура 1983 жылы тіркелген болатын. Ол кезде «Восток» кеңестік зерттеу орталығының маңында термометр Цельсий шкаласы бойынша -89,2 градусты көрсеткен еді.



Адамдардың нәліктен қорқынышты түс көретіні анықталды

Адамдардың нәліктен қорқынышты түс көретіні туралы канадалық ғалымдардың зерттеулері Sleep журналында жарияланды.

Зерттеулер тек қорқыныш сезімінен осындай түстердің кіретінін жоққа шығарды. Мұндай түстер уайымнаң кінә немесе жиіркеніш сезімінен де кіреді, деп хабарлайды Daily Mail.

Экспериментке бірнеше жүз адам қатысты, оларға бірнеше апта бойы түстерін жазу тапсырылды. Мыңдаған түстердің мазмұнын талдай келе мамандар қорқынышты түстердің үштен бірінің себебі қорқыныш емес екендігін анықтады. Көбінесе мұндай түстердің кіруіне адамдар арасындағы жаман қарым – қатынас пен ашу себеп болады екен.

Досы көптің миы үлкен болады

Досы көп адамның миындағы өзара байланыс алты аймақ көлемді болады. Оксфорд университетінің мамандары 18 адамның миын сканерлеудің нәтижесінде осыған көз жеткізді.

Meddaily.ru-дың хабарлауынша ғалымдар еріктілер миын сканерлеуден соң олардан сауалнама алып, әлеуметтік бейімделу жөнінен қаншалықты белсенді екенін анықтаған. Зерттеу нәтижесінде кейбір адамдардың соңғы айда 40-тан астам адаммен достасқаны белгілі болды. Мұндай адамдардың миы үлкен болып шықты. Ғалымдардың айтуынша, әлеуметтік қарым - қатынасқа жауапты аймақ мидың тас тебе тұсында болады. Әлеуметтік бейімделуге икемді адамдардың мидың бұл бөлігі өзгеде аймақтармен тығыз байланыста болады. Дәл осы механизм оларды өзге адамдармен көп тіл табысуға, таныс адамдардың хал-жағдайларына бей жай



қарамауға итермелейді.



Ғаламда Жерге ұқсайтын 9 миллиардқа жуық ғаламшар бар

Ғаламда көлемі, салмағы мен беткі температурасы Жерге ұқсайтын 8,8 млрд. ғаламшар бар. Бұл олардың биологиялық өмірдің пайда болуына қолайлы екендігін көрсетеді.

Америкалық астрономдардың осы бағыттағы зерттеулері «АҚШ ұлттық ғылымдар академиясы еңбектері» жаршысында жарияланды, - деп хабарлайды

Newtimes.kz ақпарат агенттігі.

Мамандардың жазуынша, бұл ғаламшарлардың барлығы Күнге ұқсас жұлдыздардың серіктері екен. Олар америкалық «Кеплер» телескопынан алынған мәліметтерге сүйеніп, осы санаттағы әрбір бесінші жұлдыз жердегідей серікке ие және Жермен Күн жүйесіне ең жақын осындай нысан 15 жарық жылына тең қашықтықта орналасқан деген қорытындыға келген.

Айта кетейік, бұл жаңалық жаңа технологиялар дәлме-дәлдігінің артқанын және өзге ғаламшарлардан тіршілік нышандарын тіркеуге жаңа мүмкіндіктердің ашылғанын көрсетеді.



Жаңа жылға дейін күн бір рет аударылады

NASA астрономдары күннің қашан аударылатынын және магниттік өрісте жұлдыздардың қарама-қарсы жаққа ауысатынын анықтады.

Жұмыстан шығып кетіп, ақырзаман болады деп күтудің қажеті жоқ. Басылымның хабарлауынша, полюстердің бұндай ауысымдары әр 11 жыл сайын болады.

«Бұл апат емес, зардаптары бар масштабты құбылыс. Одан мазаланып, қорқудың қажеті жоқ», - деді күнді зерттеумен айналысатын Стэнфорд университетінің физигі Тодд Хоксем.

Күн аударылғанда жерде магниттік толқындар болып, спутник және электр құрылғылардың жұмысына кедергі келеді.

Қыстың ең ауыр күні қандай?

«Көптеген адамдар қыста жұмыстарына жарық түскенге дейін барып, одан үйге қараңғы түскенде бір-ақ қайтады. Мұндай күн сәулесінің жеткіліксіздігі жағдайында адамдарда айтарлықтай психикалық ауытқулар туындайды», деп ескертті Mental Health Research UK ұйымы. «Егер адам күн сайын өзіне қажетті күн сәулесінің мөлшерін қабылдасамас, бұл оның күйзеліске ұшырап, көңіл-күйінің төмендеуіне себеп болады», деп жазады «The Daily Mail».

2000 адамға жүргізілген зерттеулер нәтижелері әрбір он адамның үшеуі қыс айларында таң жарығы білінгенге дейін оянып, үйлеріне күн батқан соң ғана оралатынын көрсетті. Олардың 50 пайызы жұмыс орындарында табиғи жарық

көздерінің жеткіліксіздігінен зардап шегетінін білдірді. Ал әрбір оныншы адам жұмыс орнында табиғи жарықтың мүлдем жоқ екенін атап өтті.

Сондай-ақ, ғалымдар қыс мезгілінің ең ауыр күні – қаңтар айының дүйсенбісі екенін анықтады. Себебі, бұл кезде адамға суық ауа-райының әсері, өткен жылдардан қалған қарыздардың болуы. Жаңа жылды тойлағаннан кейін дел-сал күйге енуі және жұмысқа деген ынтасының төмендеуі байқалады.

Самалхан ӘДІЛХАНОВА,
Топықок.kz сайты
негізінде әзірленді

САМО-И ВЗАИМОПОМОЩИ ПРИ ТРАВМАХ

При травмах, ранениях доврачебная помощь, т. е. оказание само- и взаимопомощи, заключается в немедленном прекращении повреждающих факторов, оказание элементарной медицинской помощи, скорейшей доставки пострадавшего в лечебное учреждение.

При тяжелых травмах, кровотечениях может возникнуть потеря сознания, что требует срочной медицинской помощи.

Для уменьшения болей, с целью профилактики шока, если есть возможность, дать больному анальгин, кетонал, кеторол. Уменьшение болей достигается приданием поврежденной конечности состояния покоя в зоне травмы.

Для этого используют стандартные шины, при их отсутствии - подручные средства (лыжные палки, доски, ружья). Шины прикрепляют к поврежденному участку тела бинтами, ремнями, лямками, не снимая одежды. При транспортировке по ровной местности травмированный должен находиться в горизонтальном положении.



Если состояние тяжелое, то несут голову вперед, чтобы идущий позади носильщик мог видеть лицо пострадавшего, так как при ухудшении состояния транспортировку прекращают и оказывают помощь. С целью быстрой остановки кровотечения следует наложить жгут, давящую повязку. При тяжелой кровопотере придать положение, при котором голова будет ниже туловища. При повреждении артерии (о чем свидетельствует алая кровь) жгут накладывают выше раны, а при повреждении вены (кровь темная) - ниже раны.

Под жгут подкладывают плотную ткань. Конечность приподнимают вверх, жгут несколько раз оборачивают вокруг конечности и затягивают до прекращения кровотечения. К жгуту прикрепляют бумажку с датой и временем наложения жгута.

При отсутствии жгута конечность можно перетянуть резиновой трубкой, ремнем в виде закрутки.

Раненого в состоянии шока согреть, бережно транспортировать в лечебное учреждение. Для улучшения дыхания необходимо расстегнуть одежду, затрудняющую дыхание, обеспечить приток свежего воздуха, придать положение, облегчающее дыхание.

При остановке дыхания и в связи с закупоркой дыхательных путей инородными телами, при утоплении, удушении, отравлении

при поражении электротоком возникает необходимость в искусственном дыхании. Самый простой способ "рот в рот": пострадавшего укладывают на спину, удаляют из полости рта содержимое (пальцем, платком, салфеткой), запрокидывают голову назад, выдвигают нижнюю челюсть вперед, предупреждают западение языка. Проводящий реанимацию делает вдох, и, плотно приложив свой рот ко рту пострадавшего, зажимая нос большого, вдвух в его легкие воздух. Число "дыханий" 16-20 в минуту.

При остановке сердечной деятельности не стоит искать врача, а немедленно приступают к массажу сердца, причем массаж сердца должен проводиться в сочетании с искусственным дыханием.

Смысл наружного массажа сердца заключается в ритмичном сдавливании сердца между грудной и позвоночником. Больного укладывают на спину на твердое основание. Оказывающий помощь становится сбоку от пострадавшего и ладонями, наложенными одна на другую, производит давящие движения на грудину с частотой 50-70 раз в минуту.

Если помощь оказывает один человек, то через каждые 15 толчков на грудину необходимо произвести два вдоха по методу "рот в рот".

Эффективность массажа сердца оценивается по появлению пульса, восстановлению дыхания.

К травмам, как на производстве, так и в быту, относятся и поражения электротоком и молнией. Электротравма вызывает как местные, так и общие нарушения. Местные нарушения проявляются ожогами в месте входа и выхода электротока.

Ни в коем случае не прикасаться к пострадавшему, находящемуся под напряжением, незащищенными руками!

Категорически запрещается закапывать пострадавшего в землю.

При остановке дыхания произвести искусственную вентиляцию легких методом "рот в рот". Транспортировать в ближайшее лечебное учреждение.

ПОМНИТЕ! Зная эти простые правила оказания первой медицинской помощи, вы сможете помочь людям, оказавшимся в беде.

Анаргуль ТУКЕЕВА,
врач-хирург поликлиники
АРГУ им.К.Жубанова

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат Министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитеті Мерзімді баспасөз басылымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы 2014 жылғы 12 ақпанда тіркеліп №14155-Г куәлігі берілген

Бас редактор Арн Ж.С.
Тілші Дүйсенбаева С.Б.
Маман Жалғасбаева М.Ж.
Корректор Адилханова С.Ж.

Меншік иесі:
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис» баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9 «К» басылады. Тел: 8(7132)545-545, 400-400.

Тапсырыс №12 Тарапымы 3000

Біздің мекен-жайымыз: 030000, Ақтөбе қаласы, Ә. Молдағұлова көшесі 34 ұй. 2-қабат, 200 6 бөлме. Көлемі 2 баспа табақ. Газет айына 2 рет шығады.

Газет редакциясына келіп түскен қолжазбалар мен фотосуреттер қайтарыпмайды.